



**Университеттегі тұрақты («жасыл») мемлекеттік сатып алу процестері
Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік
сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.**

https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/documents/details/735974?lang=ru&utm_source=

[e=](#)

Атап айтқанда, Заңның 3-бабының 23-тармақшасында тұрақты мемлекеттік сатып алу ұғымы тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклін ескере отырып және әлеуметтік, экономикалық әрі экологиялық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін жүзеге асырылатын сатып алу ретінде айқындалған. Сонымен қатар, тұрақты мемлекеттік сатып алуды дамыту Заңның 5-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Осы ережелерді іске асыру университеттің сатып алу қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуге, ресурстарды тиімді пайдалануға, ашықтық пен экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Статья 3.

23) тұрақты мемлекеттік сатып алу – мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаражатты тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бүкіл өмірлік циклі бойында оңтайлы әрі тиімді пайдалану мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық және экологиялық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік тапсырыс берушілер жүзеге асыратын сатып алу;

Статья 5. Мемлекеттік сатып алу қағидаттары

1. Мемлекеттік сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) Мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалану, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету;
- 2) Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 3) Әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- 4) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен айқындығы;
- 5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін көлемде отандық тауар өндірушілерді, жұмыстарды орындаушыларды және қызмет көрсетушілерді қолдау;
- 6) Мемлекеттік сатып алу субъектілерінің есептілігі;
- 7) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен мүдделер қақтығысының алдын алу;
- 8) Тұрақты мемлекеттік сатып алуды дамыту.

2. Заң ұқсастығын немесе құқық ұқсастығын қолдану кезінде мемлекеттік сатып алу субъектілеріне жаңа міндеттер жүктеуге немесе олардың құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

3. Осы Заңды іске асыру мақсатында қабылданатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері осы баптың 1-тармағында белгіленген мемлекеттік сатып алу қағидаттарына сәйкес келуге тиіс.

Заң нормасы	ТДМ-мен байланысы
3-бап, 23-тармақша (Тұрақты мемлекеттік сатып алу)	ТДМ 12 – Жауапты тұтыну және өндіріс; ТДМ 13 – Климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл
5-бап, 1-тармақ, 1-тармақша (Қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалану)	ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
5-бап, 1-тармақ, 2-тармақша (Өнім берушілер үшін тең мүмкіндіктер)	ТДМ 17 – Тұрақты даму мақсаттарындағы әріптестік
5-бап, 1-тармақ, 3-тармақша (Адал бәсекелестік)	ТДМ 8 – Лайықты еңбек және экономикалық өсу



5-бап, 1-тармақ, 4-тармақша (Ашықтық пен айқындық)	ТДМ 16 – Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар
5-бап, 1-тармақ, 5-тармақша (Отандық өндірушілерді қолдау)	ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
5-бап, 1-тармақ, 7-тармақша (Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу)	ТДМ 16 – Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар
5-бап, 1-тармақ, 8-тармақша (Тұрақты мемлекеттік сатып алуды дамыту)	ТДМ 12 – Жауапты тұтыну және өндіріс